

Б. С. Тәңірбергенова

ЖАРНАМАДАҒЫ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ

Түр-түс – өмірдің көптеген салаларын қамтитын көп қырлы ұғым. Түр- түс табиғаты – адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі. Түр-түс табиғаты – қай заманнан да әртүрлі ғылымдардың зерттеу нысаны.

Түр-түстің лингвистикалық тұрғыдан зерделенуі жалпы тіл білімінде – Б. Уорф, А. Мэтьюз, Р. Фрумкина т.б., түркологияда – А.Н. Кононов, Э.В. Севортян, А.М. Щербак т.б. есімдерімен байланысты. Қазақ тілінде түр-түс атауларының арнайы зерттелуіне Ә. Қайдаров, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков авторлығымен жарық көрген «Сырға толы түр мен түс», «Түр-түстердің тілдегі көрінісі» еңбектері арналған. Мұның біріншісінде түсті физикалық табиғаты тұрғысынан қарастырса, екіншісі түр-түске жүйелік құрылымдық сипатта тілдік талдау жасауға бағытталған [Аитова 2006: 12].

Соңғы уақыттарда қазақ тіл білімінде түр-түс категориясы әр қырынан зерттеу нысанына алынып, жан-жақты сипатта қарастырылуда. Бұл сөзімізге Ш. Жарқынбекованың «Языковая концептуализация цвета в казахском и русском языках» атты докторлық диссертациясы, Ж. Бекетаеваның «Прямое и образное цветообозначение», Ж. Калымованың «Фразеология с компонентами цветообозначения в казахском языке» кандидаттық диссертациялары, Н. Аитованың «Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы» оқу құралы, сондай-ақ Ф. Ахметжанова, А. Әбдірахманов, Е. Жұбанов, Е. Қойшыбаев, А. Махмутов, М. Нұржігітова, Ұ. Серікбаева, Р. Сыздықова еңбектері айқын дәлел бола алады.

Алайда қазақ тіл білімінде жарнама мәтіндеріндегі түр-түс атаулары күні бүгінге дейін лингвистикалық тұрғыдан баяндалған емес. Ал жарнама мәтіндерінде түр-түске қатысты сөздер көптеп кездеседі. Байқап қарасақ, олардың кейбіреуі түр-түс ұғымын білдірсе, кейбірі түр-түске қатысы жоқ басқа, ауыспалы мағынаны аңғартады.

Жарнама мәтіндерінде кездесетін түр-түс атауларына сипаттама бермес бұрын, алдымен жарнама ұғымына қысқаша болса да тоқталып өткеніміз жөн болар.

Қазіргі таңда әлеуметтік, экономикалық тыныс-тіршілігімізді жарнамасыз көзге елестету мүмкін емес. Жарнама әрбір адамның өміріне

еркін еніп, қоғам тіршілігінің бір құрамдас бөлігіне айналды.

Жарнама (*жар* + *нама*; *жар* – «жария етті, мәлімдеді; хабар таратты, жариялады»; *нама* – араб-парсы сөзі «жазылған хат, шығарылған бәйіт, дастан») – қазақ мәдениетінде кең қолданылған ұғым, дефинициясы айқын термин. Жарнаманың мән-мағынасы баршаға белгілі, әйтсе де көпшілік мақұлдаған бірыңғай анықтамасы жоқ. Зерттеуші Ғ.Ә. Солтанбекова өз еңбегінде жарнама жөніндегі барлық анықтамаларды ескере отырып, мынадай тұжырымға келгендігін айтады: «Жарнама – терминдік ұғымдық көлемі кеңейген жаңа мазмұндағы қоғамдық-әлеуметтік термин; нарықтық қоғамның бір бөлігі, ұсыныстар мен ойларды, тауарларды насихаттайтын, әрбір өндірістің, ұйымның тиімді қызмет етуіне ықпал жасайтын, бәсекелестікті дамытатын форма; бұл оның экстралингвистикалық сипатына қатысты анықтама» [Солтанбекова 2001: 45].

Зерттеушінің айтуы бойынша, қазіргі кезде қазақ жарнамалары негізінен төмендегідей тақырыптарды, салаларды қамтитын көрінеді:

1. Экономика: өндіріс, сауда, қаржы, жұмыс күшін ұсыну, жұмыс іздеу т.б.

2. Тұрмыстық қызмет көрсету: жөндеу, тігу, тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау, демалуға қажетті заттарды жасау т.б.

3. Интеллектуалды қызмет: білім, медицина, кітаптар, баспасөз, бал ашу, туризм т.б.

4. Мәдени шаралар: цирк, театр, концерттік бағдарламалар, көрмелер т.б.

5. Дін: діни плакаттар (мысалы, Амантай қажының «Аттан» партиясының үндеулері), діни салт жоралары шараларына шақыру т.б.

6. Саясат: сайлау қарсаңында кандидаттарға дауыс беруге үгіттеу, бұқаралық жиындардың, шерулердің, манифестациялардың үндеулері т.б.

7. Заң қызметі: жоғалғандар туралы хабарламалар, қылмыскерлерді іздестіру, сот үдерісіне шақыру т.б.

8. Өмір салты: темекіге, нашақорлыққа, араққа қарсы акциялар т.б.

9. Ғылым және экология: ағартушылық бағыттағы жарнама, үндеухаттар, плакаттар, проспектілер, буклеттер арқылы ғылыми көпшілікке жария ету т.б.

10. Отбасындағы және адамдар арасындағы қатынастар: танысу, некеге тұру хабарландырулары, бірлесіп саяхат жасауға, бірлесіп қызмет жасауға шақыру т.б.

11. Қайырымдылық: қайырымдылық акциялары туралы хабарлау, құрмалдық жасауға үгіттеу т.б. [Солтанбекова 2001: 51].

Жарнама мәтіндерін қарастырғанда біз зерттеуші Ғ.Ә. Солтанбекованың еңбегін басшылыққа алғанды жөн санадық. Себебі автор зерттеуінде жарнама қамтитын қызметтің түрлері жан-жақты, кеңінен қамтылған.

Ахроматты түстерді білдіретін лексемалар

Қазақ жарнама мәтіндерінде *ақ, қара, аппақ, қоңыр, қызыл, көк, көгілдір* сияқты сөздер жиі қолданылады және бұлардың мән-мағыналары да сан түрлі. Сондықтан біз бұлардың кейбіреулеріне, атап айтсақ, ахроматты түстерді білдіретін лексемалар – *ақ* және *қара* сөздеріне арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

АҚ. Тілімізде *ақ* сөзі сан алуан мағыналарда қолданылады: а) қардың, сүттің түсіндей түс; 2) таза, кіршіксіз; *адал, шыншыл, тамаша*; 3) мал сүті және одан алынатын *айран, қымыз, шұбат* тәрізді тағамдар; 4) ақиқат, шындық; 5) судың ілгері, төмен жылжуы (ағуы); 6) жұмыртқаның белогы; 7) көздің аласы, көздің ағы; 8) мөлдір, тұнық т.б. [Шойбеков 1990: 14].

Жарнама мәтіндеріндегі *ақ* сөзі де басқа түр-түс атаулары секілді тура және ауыспалы мағыналарда қолданылады.

I. Жарнама мәтіндері құрамында *ақ* сөзінің тура мағынасында жұмсалудың төмендегідей мысалдар арқылы білуге болады:

- Гарньер Колор Нэчралс маған жарайды ма?

- Иә, егер Сіз қанықты жарқын төзімді реңк іздесеңіз

- Иә, егер Сіз **ақ** шашыңызды толық бояғыңыз келсе

- Иә, егер Сіз жай түбірлерін боямақ болсаңыз.

(Гарньер Колор Нэчралс жарнамасы)

Жарнама мәтінінен аңғарғанымыздай, мұндағы *ақ* сөзі негізгі түр-түстік мағынасында қолданылған. Басқа емес, жарнама мәтініне нақты *ақ* сөзінің таңдалынып алынуы да жайдан-жай емес. Осы сөз арқылы тұтынушыға «*ақ шашыңыздың өзіне сіз қалағандай реңк беріп, қашан да жас, сұлу көрінуіңізге жол ашады*» дегендей ойға жетелеп, сатып алуға итермелейді.

Микрогранулалары бар жаңа Orbit Professional White сіздің тісіңіздің табиғи ақ қалпына келуіне көмектеседі және тіс тазалығының шынайы сезіміне бөлейді.

(Orbit Professional White жарнамасы)

Бұл мысалдағы *ақ* сөзі негізгі түстік, тура мағынасында жұмсалған. Тіс түсінің ақтығы – табиғи нәрсе. Жарнама мәтінінде тіс түсі негізге алына отырып, сол сөз арқылы тұтынушыларға жағымды әсер туғызу ниеті көзделгендігі байқалады. Себебі адам санасында *ақ* – тек тіс түсінің табиғилығы ғана емес, сонымен қоса кіршіксіз пәктіктің, тазалықтың символы. Ал адам жанының қашан да тазалықты, шынайылықты қалайтындығы белгілі жайт.

Қызыл талдан жонылып, **ақ** киізбен жабылған, басқұр шашақ, шалма тағы басқа әшекейлері өрнек салып термеленіп тоқылған қазақ үйін сатамын. Үйдің керегесіне ұстайтын шиі, киіз сыртынан **ақ** кенептен қаптамасы бар. Мекен-жайымыз: Алматы қаласы, Куратов атындағы көше, 42 үй.

(Алматы ақшамы, 7.06.1995)

Ақ сөзінің бұл жарнама мәтінінде де өзінің негізгі түстік, реңктік мағынасында жұмсалғандығын байқау қиын емес. Жарнама берушінің киіз түсінің, кенептен тігілген қаптама түсінің басқа емес, нақты *ақ* түсті екендігінен хабардар етуді мақсат еткендігі аңғарылады. Осы тәріздес мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

II. Жарнама мәтіндерінде *ақ* сөзінің ауыспалы мағынасында жұмсалуды.

Ақ үнемі түр-түс ұғымын білдіре бермейді. «*Ақ* атауының *ақ* түске қатысы бола тұрса да, одан алшақтап кеткен, тіпті логика-семантикалық байланысын, қатыстығын мүлдем үзген (метафоралық, метонимиялық) ауыс мағыналары мен символикалық мәнде қолданыстары тілімізде жиі кездесетін құбылыс» [Қайдаров 1992: 60].

Ақ түс – қазақ ұғымындағы ең қасиетті, ең ардақты, ең сүйкімді, ең жұмсақ бояулардың бірі. Сол себепті де *ақ* түс жалпы *жақсылық, ізгілік, адамгершілік, пәктік, сүйкімділік* секілді ұғымдардың бәрімен де шектесіп, астарласып жатады.

Басқаша айтқанда, аталмыш ұғымдардың барлығы да осы *ақ* түспен ассоциацияланады. Мысалы, *ақ көңіл, ақ жүрек, ақ ниет, ақ тілеу, ақ бата, ақ өлім, ақ жол, ақ тамақ, ақ білек, ақ маңдай, ананың ақ сүті* тәріздес толып жатқан тұрақты тіркестер ассоциациялық процестің нәтижесінде дүниеге келіп, әбден тұрақталып қалған [Ахметжанова 2000: 47].

Жарнама мәтіндері құрамынан да осы сипаттағы мысалдарды жиі кездестіруге болады. Мәселен,

Тойтұмар

Ақ тілегіңізді жырмен өріп, ең қадірлі адамыңызды арнау өлеңмен құттықтағыңыз келсе, бізге хабарласыңыз.

Мерейтойлар мен мүшелтойларға, туған күндер мен үйлену тойларына, алтын-күміс тойларға құттықтау папкілерінің мәтіндерін даярлаймыз.

Шығармашылықпен айналысатын талапкерлерге поэзиялық, прозалық қолжазбаларды редакциялап, кітап даярлауға көмектесеміз.

Орыс, ағылшын тілдерінен қазақша аудармалар жасаймыз.

Ақысы келісімді.

Байланыс телефонымыз: 328-21-96.

(Алматы ақшамы, 14.02.2009)

Ақ түр-түстік мағынаны білдірмей, тілек сөзімен тіркесе келіп, адал ниет, таза, ізгі көңіл қалауы деген мағынада қолданылып тұрғандығы мәтін мазмұнынан аңғарылады.

Ақ тілеулі, ақ ниетті халқымыздың табиғатынан хабардар ететін мұндай тіркестердің жарнама мәтіндерінде де кездесуі заңды құбылыс болса керек.

Дертіне дауа іздеушілер назарына! Бисмилла – иррахман – рахим!

Алланың пайдакүнемдік, арамзалықтан аулақ ақ жолымен өмірдегі жолы ауырлап, жаны ауырып, тәні түрлі сырқат-кеселдерге душар болған адамдарға шипа-шарапатын дарытуға құштар, мемлекеттік лицензиясы бар теопсихобиоэнерготерапевт Сара Қыбырайқызы емделуге, жеңілденуге, салауатты да саламатты, берекелі де бақытты өмір-тұрмыс үшін күресуге шақырады.

Емші ішкі құрылыс, жүйке және қозғалыс жүйелері, жүрек қан тамырлары, тыныс алу жолдары, тері, жыныс ауруларын биоөрісінің қуаты, құран оқып, дем салу арқылы емдеп, айықтырады...

(Алматы ақшамы, 30.10.1998)

Зерттеу барысында байқағанымыздай, осы сипаттағы (емделуге шақыру) жарнамалардың көбісінде дерлік ақ жол тіркесі қолданылады екен. Бұл мәтіндегі ақ жол тіркесі – ақиқат, әділ жол дегенді аңғартады.

Қыз ұзату

Құрметті _____

*Күлгені келтіретін кешке шырай,
Қызымыз сырын ашты еш жасайрмай.
Отыр ол ақ босаға аттағалы,
Жүрегіннің қалауы шешті осылай.
Баяғы ата-баба жүрген ізбен,
Құдалар қолқа салды іргемізден.
Тілеулес, құрбы-құрдас, дос, ағайын,
Қызықты бөлісіңіз бірге бізбен.*

Сіздерді аяулы қызымыз Әсемнің ұзату тойына шақырамыз

Қазақ ұғымында ақ босаға – таза, қадірлі, жаңа мағынасында игіліктің, жақсылықтың нышаны ретінде жұмсалатын тіркес. Босаға тура ұғымында: үйдің кіре берісі, кең ұғымында – үй, отбасы. Қазақтар жас жұбайларға: «Босағаңнан береке кетпесін», – деп тілек айтады. Осы үрдіс жарнама мәтінінен де көрініс тапқанын аңғаруға болады.

ҚАРА. Тілімізде көп мағыналы сөздердің бірі – қара. Бұл сөздің: 1) күйенің, көмірдің түсіндей (түс, бояу); 2) дәл не екені айқын емес, қарайып көрінген нәрсе; қарайған; 3) сиыр, жылқы, түйе сияқты ірі мал; 4) қарапайым халық арасынан шыққан адам, қара халық, бұқара; 5) ес, серік, тірек, сүйеу; 6) арам, қара ниет, зұлым т.б. мәнінде қолданылатындығы белгілі [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1982: 36, 6том].

Жарнама мәтіндеріндегі қара сөзі де тура және ауыспалы мағыналарда қолданылады.

I. Жарнама мәтіндері құрамында қара сөзінің тура мағынасында жұмсалудың төмендегідей мысалдар арқылы дәлелдеуге болады:

Сатып аламыз

Жұмыс киімдерін: малақай, мақталы шалбар, жүннен тоқылған шұлық, қара түсті болғаны дұрыс.

(Аруана, 21.10.1994)

Бұл мәтіннен көріп отырғанымыздай, қара сөзі өзінің негізгі түстік мағынасында қолданылған. Осы жарнамада нақты аталып көрсетілген қара сөзі арқылы қарапайым жұмысшы бейнесі ассоциацияланады.

Жасым 42-де. Бойым 175 см. Мамандығым – мал дәрігері. Өзім Астана қаласында мемлекеттік қызметте жұмыс істеймін. Адамгершілік қасиеттерден кенде емеспін.

Болашақта жасы 30-40 аралығындағы ақылды, бұрын некеде болмаған, Астана қаласында үйі

бар, **қара** шашты, **қара** көзді қазақтың қарапайым бикешімен танысқым келеді.

(Қазақстан әйелдері, қаңтар, 2005 жыл)

Бұл мысалдағы қара сөзінің де түстік мағынасында қолданылып тұрғандығы айқын аңғарылады. Мұнда жарнама беруші танысқысы келген адамының шашының, көзінің түсінің қара болғандығын қалайтынын білдірген. Тағы бір айта кетерлігі, осы мәтіндегі қара шашты, қара көзді деген тіркестен атап айтпаса да қазақ қызы жайлы айтып отырғандығын білуге болады.

Алматы қаласының Әуезов ауданында орын алған кісі өлтіру фактісі бойынша

Хабарлаймыз

2001 жылы 3-желтоқсанда сағат 10.40 кезінде Алматы қаласының Әуезов ауданында Алты Алаш елді мекеніндегі жекеменшік үйлердің бірінде, сол жердің тұрғындары Сармановтар жанұясының өлі денелері табылды...

...Осы қылмысты жасаған деген күдікпен, бұрын кісі өлтіргені үшін және қарақшылық шабуыл жасағаны үшін сотталған, 1961 жылы Өзбекстан Республикасы Нүкіс қаласында туған Ж. Боуединов деген азаматқа іздеу саламыз...

Киімі:

- Қысқа, **қара** түсті былғары куртқа;
- **Қара** шалбар;
- **Қара** қыстық етік;
- **Қара** түсті, торлы кепка...

(Алматы ақшамы, 6.12.2001)

Зерттеу барысында анықталғандай, заң қызметінің қылмыскерлерді іздестіруді жарнамайтын осы тәріздес жарнамаларда қара сөзі ең жиі қолданылатын сөз екен. Мұндағы **қара** сөзінің негізгі түстік ұғымында қолданылуымен қатар, аталмыш сөз арқылы қылмыскер бейнесі ассоциацияланатынын білуге болады.

II. Жарнама мәтіндерінде **қара** сөзінің ауыспалы мағынасында жұмсалуды.

Домбыра бір сөйлесін...

... «Қазақконцерт» гимаратында 28-мамыр күні өтетін қолөнер шебері Жолаушы Тұрдығұловтың 50 жасқа толу мерейтойына арналған шығармашылық кеештің (басталуы сағат 17.00) сипаты өзгеше. Көрермен бұл кееште ән-күй ғаламаттарына ғана емес, қолөнер гажайыптарына да куә болып, қол соғады. Шебер қолдан өнген, көмейінен киелі үн төгілген домбыралар мен жоғарыда есімдері аталған әйгілі әншілеріміз бен күйші термешілеріміз өнер көрсетеді. Қадыр ақын айт-

қандай: «Біз екеуміз үндемелік, домбыра бір сөйлесін...», қазақтың **қара домбырасымен** армансыз тілдесетін кеш қызығынан құр қалмаңыз, көрермен!

(Алматы ақшамы, 26.05.2000)

Домбыра – қазақ халқының екі шекті музыкалық аспабы. Мәтін құрамындағы **қара** – домбыра түсінің қаралығын білдіретін сөз емес. Қазақ ұғымында **қара домбыра** – әбден тұрақталған, бөліп-жаруға келмейтін тіркес. Бұл тіркестегі **қара** сөзі қадірлі, қастерлі, қасиетті деген мағынаға саяды.

Наурыз келсе бусанады **қара жер**,
Тәтті іздесе «Рахатқа» барады ел.
Бізде бәрі: драже мен зефир де,

Мармелад пен ирис және карамель.

(«Қазақ әдебиеті» газетінен алынды)

Бұл мәтіндегі **қара** сөзі түстік мағынасында жұмсалмай, жер сөзімен тіркесе келіп, **қара жер – жер беті** деген мағынада қолданылған.

Сонымен, түр-түс атауларының біраз сыры жарнама мәтіндерінде де байқалады екен. Жоғарыда келтірілген тілдік деректер тіліміздегі түр-түс атауларының үнемі түр-түстік ұғымды білдіре бермейтінін, жарнама мәтіндерінің құрамында келу арқылы халқымыздың салт-санасынан, эстетикалық талғамынан елес беретінін көрсетеді.

1. Аитова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2006. – 161 бет.

2. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Ана тілі, 1992. – 160 бет.

3. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері. / Шығыс Қазақстан мем. ун-ті. – Өскемен, 2000. – 136 бет.

4. Шойбеков Р.Н. Кейбір түр-түс атауларының мағыналары // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы, 1990, №3.

5. Солтанбекова Ф.Ә. Қазақ жарнамалары: тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2001.

6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6том. ҚазақСР-нің «Ғылым» баспасы, 1982.

В этой статье в психолингвистическом аспекте рассматриваются цветообозначения в казахских рекламных текстах.

This article is devoted to the problem of colour in kazakh advertising texts from the psychological aspect.